

...Ел бірлігін сақтаған татулықты айт!

Жамбыл

# АТАМЕКЕН

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

№ 15 (6215)

13 сәуір,

сенбі, 2024 жыл

Газет 1932 жылдан  
бастап шығады

www.atamekengazeti.kz



Атамекен Газеті



@atameken\_press



atameken1932@bk.ru

• «Бірге – таза Қазақстан!»

## ТАЗАЛЫҚТЫ ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЙЫҚ!

Таң сәріде елден ерте тұратын тазалықшылар аудан тұрғындарының лас жерде жүрмеуі үшін тырбанып барын салауда. Алайда арамдықта аула сыпырушылардың еңбегін елемей, мұрнын тыржита қарап кететіндер де аз емес. Өңір



жанашырларының еңбегін неге елемейміз? Қоғамдық ортада адам өзін қалай ұстау керектігін ес білгеннен білуі керек. Беталды түкірмеу, қоқысты көрінген жерге тастамау жазылмаған заң испетті болуы тиіс. Әйтпесе, құзырлы орындар аз жұмыс істеп жатқан жоқ. Мәселенің барлығы сізбен біте.

Бүгінде көше, аула, дала мен қала тазалығы – бас қатырарлық проблемаға айналып отыр. Құзырлы мекемелердің жазбаша дереккөздеріне сенсек, бұл мақсатта атқарылып жатқан жұмыстар

сан алуан. Көктем мезгілінде апта сайын сенбіліктер ұйымдастырылуда. Бірақ бұған қарап кейде қарның ашады. Себебі, ауданның орталық көшелерімен жүрсеңіз жылан жалағандай, ал шет аймақтар көбіне назардан тыс қалып жатыр. Тіпті кей жерлерде жәшіктерде жиналған қоқыстар сыртқа төгіліп, оның рахатын ит пен мысық көруде. Ал оның экологияға тигізер зардабы айтпасақта түсінікті шығар.

Бытыр құзырлы орындар ортақ пайдалану орындарымен саябақтарды ластап, белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдық тастағандарға айыппұл көлемін арттырды. Яғни, енді көшеде келе жатып, темекі тұқылын тастасаңыз сот алдына барып, айыппұл арқалауыңыз мүмкін немесе қамалуыңыз да ғажап емес. Тарқатып айтар болсақ, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің (ӘҚБтК) 434-2-бабында көрсетілген әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Яғни 5 АЕК-18 460 теңге көлемінде айыппұл арқалайды. Сондай-ақ, ӘҚБтК-нің 505-бабына сәйкес кіреберісте қалған қоқыс үшін 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Егер азамат бір жыл ішінде қайталап, тәртіп бұза қолданылатын жаза да арта түспек. Оған бұл әрекеті үшін 30 АЕК айыппұл салынады. 20 АЕК-73 840 теңге, ал 30 АЕК-110 760 теңге. Егер қалдықтарды жинақтауға немесе көмуге арналған арнайы белгіленген орындардан тыс жерде жинай бастаса, онда оларға 50 АЕК немесе 184 600 теңге мөлшерінде айыппұл тағайындалуы мүмкін (ӘҚБтК-нің 334-бабының 2-тармағы). Сондай-ақ, жасөспірімдер мұндай қателікке бой алдырса, баласы үшін ата-анасы жауапты.

Жалпы, туған топырағымызды таза ұстап, абаттандырып, жасыл желекке малындырып отыру – тек аула сыпырушының ғана емес, баршамыздың басты борышымыз. Тазалық – біздің денсаулығымыз бен өміріміздің кепілі. Олай болса, сәуір айының соңына дейін жалғасатын «Бірге таза – Қазақстан» акциясына атсалысуға барша аудан тұрғындарын шақырамыз.

Әйгерім ӘБУ  
АТАМЕКЕН

## Келелі кеңес өтті

8 сәуір күні Қарғалы ауылында ауылдық округтің даму бағдарламасын айқындау жөнінде құрылған штабтың кеңейтілген отырысы өтті.

Штаб жетекшісі, аудан әкімінің орынбасары Абзал Нұрпейісовтің төрағалығымен өткен жиынға аудандық мәслихаттың төрағасы Мадияр Әмірғалиев, аудан әкімі аппаратының басшысы Бексұлтан Ақылбек, округ әкімі Қуаныш Наметов, «ҚХП» және «AMANAT» партиясының депутаттары, аудандық бөлім, мекеме басшылары, қоғамдық кеңес мүшелері мен ақсақалдар алқасы қатысты.

Отырыс барысында Қарғалы ауылы бойынша жоспарланған ауқымды жұмыстар мен оның орындалу мерзімі, тұрғындар тарапынан жиі көтерілетін проблемалық мәселелер талқыланып, 2024 жылғы атқарылатын нақты жұмыстар пысықталды.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.



## ҚР ТЖМ 28237 әскери бөлімінің жеке құрамы су басу салдарымен күресті жалғастыруда

Жамбыл ауданында орналасқан Б.Момышұлы атындағы 28237 әскери бөлімі 2 жиынтық-құтқару батальонының 80 әскери қызметшісі 2 топқа бөлініп күндізгі және түнгі уақытта Қостанай облысы Қостанай қаласындағы көктемгі су басу салдарын жою бойынша авариялық-құтқару, шұғыл және алдын алу жұмыстарын жүргізуді жалғастыруда.

Төтенше жағдай орнына келісімен жеке құрам Қостанай облысының ТЖД-мен бірлестікте су басу аймақтарындағы апат салдарын жоюға дереу кірісті.

Елді-мекендерді су басу қаупінен қорғау мақсатында әскери бөлімдердің күштерімен және құралдарымен қаптарды инертті материалдарымен толтыру, оларды су басу орындарына төсеу, Тобыл өзені маңындағы каналдар мен арық жүйелерін нығайту және Қостанай облысының ТЖД-мен бірлестікте арнайы құрылғылармен тұрғын үйлердің ауалары мен көшелерінен қар суын сору жұмыстары жүргізілуде.

Жүргізіліп жатқан іс-шаралар Қостанай қаласының елді-мекендері мен инфрақұрылымдарында су басу қаупін төмендетуге септігін тигізді.

Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің құтқарушылары тапсырманы кез келген уақытта және қолайсыз ауа райына қарамастан әрдайым орындауға әзір, өйткені олардың міндеті – халыққа қызмет!



Айдос БАЙШАҒЫРОВ,  
28237 әскери бөлімінің капитаны.

## АЙНАЛМА ЖОЛДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ



Жуырда әлеуметтік желіден оқыған бір жаңалыққа ішім жылып қалды. Ол – Жамбыл ауданының Ұзынағаш ауылында айналма жол салынатыны туралы хабар. 9 сәуір күні аудан әкімі Нұрлан Ертасұлы және осыған орай арнайы

құрылған комиссия мүшелері Ұзынағаштың іші мен оңтүстік – батыс аймағын аралап, жол салу бағытында зерделеу жұмыстарын жүргізген еді.

Бұл жаңалыққа аудан орталығының барлық тұрғындары да қуанары сөзсіз. Өйткені, кейінгі жылдары халық санының күрт көбеюінен көлік кептелісі орын алуда. Мәселен, «Абай-Жаппар» базарында таңертең жұмысқа шыққан тұрғындар, оқуына асыққан студенттер мен мектеп оқушылары кептелістің азабын шегіп жүргені жасырын емес. Кешкілік уақытта да сол көрініс. Ал қар жауып, көктайғақ болса немесе бағдаршам істен шықса бұл маңайда кептелістің көкесін көресіз, ол кезде кемінде жарты сағат уақытыңызды жоғалтуға тура келеді. Мұндай жағдай өрт сөндірушілер мен жедел жәрдем көліктері үшін өте қиын. Жыл сайын көлік қозғалысының тығыздығы артауда. Айта берсек көлік кептелісінің жыры таусылмайды. Аудан әкімі бұл сапарында «Біз міндетті түрде айналма жолдардың құрылысын қазір жүргізуіміз қажет. Алдағы уақытта бұл мәселе бойынша зерделеу институттарының көзқарастарын да есепке алатын боламыз», – деді.

## ХАЛЫҚ ТІЛЕГІ ҚАЛТ ҚАЛМАЙДЫ

8 сәуір күні аудан әкімі Нұрлан Ертас азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдады. Қоғамдық қабылдауға аудан әкімінің орынбасарлары мен мекеме, бөлім басшылары және Ұзынағаш, Қарғалы ауылдық округінің тұрғындары қатысты.

Тұрғындардың басым бөлігі ауыз су, көше жарығы сынды түйткілді мәселелерді көтерді. Содан кейін егде жастағы азаматтар аудан әкіміне өздерін алаңдатқан сауалдарын қойды. Аудан басшысы Н.Ертас осы мәселелерге байланысты түсіндірме жұмысын жүргізіп, аталған округ әкімдеріне тапсырма берді. Бұдан өзге көтерілген сұрақтар мен өтініштерге тиісті тұлғалар арқылы заңды жауаптар беріліп, кезең-кезеңімен жүзеге асатынын айтты.



## Шаруа қожалықтарының назарына!



Күн жылып, жердің тоңы жібіген кезде басталатын жыл сайынғы егін науқаны биыл Жамбыл ауданында да қарқын алуа. Дана халқымызда «Диқан жерім дейді, жері үшін ерінбейді» деген қанатты сөз бар. Бүгінде жерден жылдық азық жинауға бел байлап, қызу тірлікке кіріскен шаруалар үшін дизель отыны тиімді бағада сатылуда.

Көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге арналған дизель отынына қосымша өтім беру үшін gosagro.kz порталы ашылғанын хабарлаймыз. Айта кетейік, арзандатылған дизель отынына шаруа қожалықтар тарапынан берілген тапсырыс бойынша негізгі тізім желтоқсан айында жасақталған екен. Биыл өтім беру мерзімі 9-14 сәуір аралығында жүргізіледі. ДИЗЕЛЬ отынының бүгінгі бағасы литріне 250 теңге. Ал аудан орталығына дейін жеткізіп беру қызметін қоса есептегенде дизельдің бір литр бағасы 260 теңгені құрайды.

## БАСПАСӨЗ – 2024

Құрметті аудан тұрғындары!  
Қадірлі біздің оқырман!  
Аудан өмірінің апталық тынысынан жан-жақты хабарлар ететін Жамбыл аудандық «Атамекен» газетіне 2024 жылға жазылу науқаны жалғасуда.

## АТАМЕКЕН

– бүгінгі жаршымыз,  
ертеңгі тарихымыз



Жеке адамдар үшін «ҚАЗПОЧТА» АҚ тасымалдау қызметін қоса есептегенде бір жылға

жазылу құны – 5315 теңге,  
жарты жылға – 2657 теңге  
Индексі 65264.

Газеттің электронды нұсқасына

12 айға жазылу бағасы

4400 теңге.

Сіз оны әдетте оқырмандардан бұрын ұялы телефоныңыз немесе компьютеріңіз арқылы сол заматта алып, оқу мүмкіндігіне ие боласыз.

Біздің мекенжайымыз: 040600,

Ұзынағаш ауылы,

Мақатаев көшесі, 164 «А» үй.

Телефондар: 2-44-28, 2-44-27.

Толығырақ мәлімет алу үшін мына телефонға

Хабарласыңыз: 8-708-673-93-64